

М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Медицина Университеті

Тақырыбы: Аурухана Ішілік Инфекциялар.
АИ қоздырғышының микробтарға қарсы және
дезинфекциялаушы дәрі-дәрмектерге төзімділігі.

Орындаған: Тұрсын Иманшәді

Курс: 5 жалпы медицина

Топ: 516 б

Ақтөбе 2016ж

Жоспар.

I. Кіріспе.

Ауруханаішілік инфекция туралы түсінік.

II. Негізгі бөлім:

1. Емдік-профилактикалық мекемелерде ауруханаішілік инфекцияның жұғу жолдары мен факторлары және қоздырғыштары.

2. Ауруханаішілік инфекциямен күресу және алдын-алу.





III. Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиттер.

Ауруханаішілік инфекция

Ауруханаішілік инфекция - стационардағы науқастарда немесе оларды күтіп және емдеп жүрген медицина қызметкерлерінде дамитын инфекциялық аурулар. Мысалға.тұмау, вирусты және В және С гепатиттері, т.б.

Нозокомиальды инфекциялар- бұрын соңды инфекцияланбаған адамдарға аурухана ішінде жұқтырылған инфекция.



Ауруханаішілік инфекция


Анықталуы. Ауруханаішілік инфекция, басқаша нозокомиальды инфекция, аурудың және өлімнің маңызды себебі болып келеді. Науқас ауруханаға түскенде, науқаста аурудың ешқандай клиникалық белгілері болмайды және ол инкубациялық кезеңде емес. Сондай-ақ бұл инфекцияға науқастың стационарға келгенде жұқтырып алған, бірақ ауруханадан шыққанша клиникалық белгілері білінбеген категорияларды жатқызуға болады. Бұл инфекциялардың көпшілігін адын-ала ескерте аламыз, бірақ барлығын емес, сол себепті ауруханаішілік инфекция терминін эквивалентті ятрогендік инфекция түсінігі деп санауға болмайды, яғни бұл инфекция диагностикалық немесе терапиялық процедурамен шақырылады деген мағынаны білдіреді (уретралдық немесе веноздық катетер арқылы).

Негізгі анықтау факторларына: терісінің түсі және де иммунитеті арқылы анықтауға болады.

Ауруханаішілік инфекция


Ауруханаішілік инфекцияның қоздырғыштары

Қазіргі заманғы ауруханаішілік инфекцияларды клиникалық хирургияда әр түрлі микроорганизмдер тудырады, себебі олар осы аурухана ішінде кең спектрлі антибактериялық дәрілер қолданылып жүрген ортада тіршілік етеді және олардың клиникалық көрінісінің негізі сепсистік және іріңді зақымдану синдромдарымен білінеді. Ауруханаішілік инфекцияның негізгі қоздырғыштарына грам-оң бактериялар жатады, әсіресе көп жағдайда антибиотиктерге резистентті алтын стафилококк, көкірің таяқшалары, протей, ішек таяқшалары, клебсиялар, серрацилар, кандида саңырауқұлағы болып келеді. Ауруханаішілік инфекциялардың ішінде ең жиі кездесетіні стафилококктар.



Клебсиелла

Листерия



Инфекциялық ошақтардан бөлінетін көптеген микроорганизмдердің пайыздық көрсеткіші.

Патогенді микроорганизмдер	Несеп-жыныс жолы	Хирургиялық жаралар	Төменгі тыныс жолы	Қан	Тері	Басқа мүшелер	Жалпы бөлінген штамдар	0/0
<i>E. coli</i>	31,7	11,4	7,1	9,5	7,7	7,3	5779	18,6
<i>S. aureus</i>	1,6	19,0	12,8	12,8	33,3	16,4	3356	10,8
Энтерококки	14,9	11,4	1,6	7,3	9,5	7,3	3308	10,7
<i>P. aeruginosa</i>	12,5	8,1	15,1	6,1	7,2	6,2	3286	10,6
<i>Klebsiella spp.</i>	7,6	4,8	12,8	9,1	4,4	4,0	2288	7,4
Коагулазаотрицательные стафилококки	3,7	8,4	• 1,1	14,2	9,5	11,1	1 892	6,1
<i>Enterobacter spp.</i>	4,4	6,9	10,0	6,9	4,1	4,1	1 811	5,8
<i>Proteus spp.</i>	7,3	5,0	4,4	1,7	3,5	3,2	1 667	5,4
<i>Candida spp.</i>	5,1	1,4	4,2	5,6	4,5	13,4	1 570	5,1
<i>Serratia spp.</i>	1,2	2,0	5,6	2,8	1,8	1,8	691	2,2
Басқалар	10,0	21,6	25,3	24,0	14,5	25,2	5364	17,1
Бөлінген штамдардың саны	13 165	6 163	4490	2292	1798	3104	31 012	100,0

Ауруханаішілік инфекцияның көзі

Ауруханаішілік инфекцияның көзі – жұқпалы аурудың инкубациялық кезеңінде госпитальда жатқан науқастар, жұқпалы аурулармен бұрын ауырған науқастар, науқастар арасындағы патогенді микробтарды тасымалдаушылар, сондай-ақ қызметкерлер мен науқастың туысқандары.


Қоздырғыш жайылып кетуіне байланысты оның организмнен таралуы әртүрлі мүшелер мен тіндерден, тыныс алу жолдарымен, асқазан-ішек жолдарымен, несеп шығару жолдарымен жүруі мүмкін.

Ауруханаішілік инфекцияның таралуы

Ауруханаішілік инфекцияның таралуы екі түрлі жолмен жүреді:

- 1. Ауа-тамшылы;*
- 2. Жанасу;*

Инфекцияның негізгі таралу факторларына: қол, ауа, көптеген сыртқы ортаның объектілері (киім, таңу заттары, құрал-жабдықтар және тағы басқа)



Ауруханаішілік инфекцияның пайда болуы

Ауруханаішілік инфекцияның пайда болуы – жұқпалы аурулармен ауыратын науқастардың стационарда оқшаулануы мен айқындалуы дер кезінде жүргізілмеуіне байланысты. Ауруханаға түскен науқастардың бұрын инфекциялық аурулармен ауырғандағы эпидемиологиялық шағымдарын дұрыс бағаламаудан, науқастарды дұрыс палаталарға бөліп жатқызбаудан, ағымдағы және қорытындыдағы дезинфекциялық ережелердің, асептика мен антисептика ережелерін бұзу салдарынан, яғни әр-түрлі ауру қоздырғыштарына қарсы шаралардың ережелерін сақтамағанда, науқастардың санитарлық өңделуінің қанағаттандырылмағанынан дамиды.

Ауруханаішілік инфекцияның дамуы

Негізгі аурудың әсерінен организмдегі резистенттіліктің төмендеуімен оперативті кедергілердің, қансыраудан, сондай-ақ микробтардың антибиотиктерге резистентті штамдарының пайда болуынан, иммуннодепресанттармен емделгенде және тағы басқа жағдайда дамиды.

Ауруханаішілік инфекцияның нозологиялық формаларына мыналар тіркеледі: сепсис, остеомиелит, менингит; тері және теріасты өзектерінің аурулары (пиодермия, абцесс, флегмона); омфалит, конъюнктивит, эндометрит, уретрит, цистит, пиелонефрит, пневмония, жедел ішек инфекциялары (гастроэнтерит, колит) операциядан кейінгі жаралық инфекция; инъекция енгізгеннен кейінгі асқынулар; басқа да инфекциялық аурулар (қызылша, вирусты гепатит, АИВ-инфекциясы және тағы басқа).

Ауруханаішілік инфекцияның алдын-алуы.

Қазіргі таңда экзогенді инфекцияның ауа-тамшылы, жанасу арқылы және имплантациялық түрлерінің алдын алуы үшін нақты мәліметер анықталды. Бұл шаралардың негізгі мақсаты – инфекцияның жараға және организмге түспеуін қамтамасыз ету. Экзогенді инфекцияны барлық жағдайда алдын-алуға болады және ол медицина қызметкерлерінің білімі мен біліктілігіне байланысты.

Ауруханаішілік инфекцияның алдын-алуы.

Операциядан кейінгі іріңді асқынулармен күресу және алдын-алу үшін санитарлы-гигиеналық кешен шараларын ұйымдастыру арқылы инфекциялардың бөлнуі мен таралу жолдарын тоқтатуға болады.

Емдік-профилактикалық мекемелердегі медицина қызметкерлерінің негізгі міндеттерінің бірі – ауруханаішілік инфекцияның пайда болуына байланысты ескертумен жүретін алдын-алу шараларымен күресу жолдары жатады. Науқастардың антибиотиктерге резистенттілігі микроорганизмдерді жұқтырып алуы мүмкіншілігін төмендету, науқасты толық тексеру және операцияға дейін стационарда болуын қысқарту.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Буянов В. М Нестеренко Ю. А. Хирургия “Медицина” ; М-1990г.
2. Стручков В. И. Общая хирургия “Медицина” ; М-1966г.
3. Максименя В. Г. Максименя Г. Г. Леонович С. И. Минск; Высшая школа 1998г.
4. Стецюк В. Г. Сестринское дело в хирургии Москва “АНМИ” 1999г.
5. www.google.ru